

**Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі**

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №41
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)
«02» шілдеге» 2024 ж.**

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «01» шілде күні 20 сағаттан «02» шілде күні 20 сағ. дейін 2024 ж.)

құрастырылған уақыты: 01.07.2024 ж.

Мекен жайы : Астана қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Сагандыкова З.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Букабаева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: ugpastana@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-53-38	e-mail: seli@meteo.kz

**2024 жылғы «02» шілдеге
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

Іле Алатау	Өткінші жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1,0-29,0 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 18-23 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 14-19 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 9-14 градус жылы.
Күнгеі Алатау	Өткінші жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1,0-29,0 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 15-20 градус жылы.
Теріскей Алатау	Өткінші жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1,0-29,0 мм), найзағай. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, найзағай кезінде екпіні 18-23 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 15-20 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жаңбыр, түнде қатты жаңбыр (1,0-20,0 мм). Кей жерлерде найзағай, бұршақ, дауыл. Батыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 15-20 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 10-15 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23-28 м/с болады. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 20-25 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай болады. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23-28 м/с болады. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 20-25 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 5-10 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 16-21 градус жылы болады.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 5-10 м/с. Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 18-23 градус жылы болады.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа ауыспалы күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 18-23, күндіз 30-35 градус жылы.
Сауыр	Түнде кей жерлерде жаңбыр (1,0-2,0 мм), найзағай, күндіз жаңбыр (1,0-10,0 мм), найзағай. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 8, күндіз 18-23, кей жерлерде 15 градус жылы.
Тарбағатай	Түнде кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай, күндіз жаңбыр (1,0-10,0 мм), найзағай, кей жерлерде бұршақ, дауыл. Жел оңтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 29-34 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Жаңбыр, кей жерлерде жаңбыр қатты жаңбыр (1,0-18,0 мм). Түнде кей жерлерде, күндіз найзағай, кей жерлерде бұршақ, дауыл. Оңтүстік-шығыстан соғатын жел оңтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 17-22, кей жерлерде 13 градус жылы, күндіз 22-27, кей жерлерде 17 градус жылы.

2024 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен үш тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде жауын-шашын салдарынан, су деңгейінің көтерілуі бақыланды. Мыңжылқы – Кіші Алматы ө., Сарысай ө. сағасынан төмен – Кіші Алматы ө., Бұтақ а. – Бұтақ ө., саға – Құмбел ө., саға – Приходная ө., саға – Терісбұтақ ө., Таутүрген а. – Түрген ө. және Есік қ. – Есік ө. гидрологиялық бекеттерінде су деңгейі 7 см-ге дейін көтерілді. Температуралық фон 5 °С-тан 22 °С оң мән аралығында. 01 шілде күні сағат 5-те нөлдік изотерма 4324 м биіктікте болды.

**2024 ж. "01" шілдедегі
Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер**

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м ³ /с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лайлылық
				Макс. 30.06	Мин. 01.07	08 сағ. 01.07	Күндіз 30.06	Түнде 01.07	Орт. 30.06	08 сағ. 01.07	Орт. 30.06	Макс. 30.06	08 сағ. 01.07		
1	Кіші Алматы	Мыңжылқы МС	3017	14.8	4.9		7.3								
2	Кіші Алматы	Мыңжылқы МС ГБ	3017			7.0			270	269				+1	*
3	Кіші Алматы	Тұйықсу а/б ГБ	2466			11.0			571	570				0	*
4	Кіші Алматы	Шымбұлақ МС	2200	20.6	10.4		18.3								
5	Кіші Алматы	Сарысай ө. сағасынан төмен ГБ	1928			14.0			290	286	4.20	4.88	3.67	+3	2
6	Кіші Алматы	Медеу ГБ	1700			12.0			125	119				0	2
7	Батарейка	Просвещенец д/ү ГБ	1569			20.0			57	53	0.23	0.26	0.20	0	0
8	Кіші Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			19.0			199	197	3.75	4.02	3.48	0	1
9	Бұтақ	Бұтақ а. ГБ	1475			19.0			258	258				+3	0
10	Үлкен Алматы	Көлден 1.1 км биіктікте ГБ	2654			13.0			323	320	5.17	6.28	4.65	-1	*
11	Үлкен Алматы	Проходной ө. сағасынан 2 км жоғары ГБ	1471			20.0			280	280				0	*
12	Құмбел	саға ГБ	2150			15.0			96	97				+2	0
13	Проходная	саға ГБ	1422			16.0			290	288	3.55	4.17	3.52	+2	0
14	Терісбұтақ	саға ГБ	1362			21.0			217	218	1.64	1.64	1.66	+1	*
15	Қаскелен	Қаскелен қ. ГБ	1133			22.0			300	299	7.85	7.96	7.74	-1	*
16	Түрген	Таутүрген а. ГБ	1054			20.0			133	136	16.52	16.99	15.52	+7	2
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			18.0			225	225				+1	*
18	Талғар	Талғар қ. ГБ	1199			20.0			210	204				-5	
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауындағы ГБ	2500	18.8	8.3		4.2		68	75				+10	*
20	Баянкөл	Баянкөл а. ГБ				12.0			131	129				+8	3
21	Көктал	Аралтөбе а. ГБ				16.0			256	254	23.2	23.2	21.9	-2	*
22	Мерке	Улбугуй қыс. ГБ							129	133	4.93	5.08	5.81	+5	*

Ескертпе:

* - деректер жоқ

«2» шілдеге» 2024 ж.

Қазақстанның таулы аумағына жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Ауа температурасының төмендеуіне байланысты мұздықтардың еруі баяулады. Нөлдік изотерма сағат 5-те 4324 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақ ылғалдылығы жоғары. Өткінші жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1,0-29,0 мм), найзағай. Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашындар түскен кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз. Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің алаптары үшін сел түзуші факторлардың критерийлеріне жеткен кезде дауылды ескерту беріледі.
	Күнгеі Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. Өткінші жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1,0-29,0 мм), найзағай. Күнгеі Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашындар түскен кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Теріскей Алатау	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. Өткінші жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1,0-29,0 мм), найзағай. Теріскей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашындар түскен кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. Жаңбыр, түнде қатты жаңбыр (1,0-20,0 мм). Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашындар түскен кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Ауа температурасының төмендеуіне байланысты мұздықтардың еруі баяулады. Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Түркістан	Талас Алатауы	Үздіксіз маусымдық қар сызығы жоқ, қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі жоғары. Жауын-шашынсыз болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Түнде кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм), найзағай, күндіз жаңбыр (1,0-10,0 мм), найзағай, кей жерлерде бұршақ, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Маусымдық қар сызығы 3000 м биіктіктен жоғары орналасқан. Ауа температурасының төмендеуіне байланысты қар жамылғысымен мұздықтардың еруі баяулады. Түнде кей жерлерде жаңбыр (1,0-2,0 мм), найзағай, күндіз жаңбыр (1,0-10,0 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

	Қазақстандық Алтай	Маусымдық қар сызығы 2000 м биіктіктен жоғары орналасқан. Ауа температурасының төмендеуіне байланысты қар жамылғысының еруі баяулады. Жаңбыр, кей жерлерде жаңбыр қатты жаңбыр (1,0-18,0 мм). Түнде кей жерлерде, күндіз найзағай, кей жерлерде бұршақ, дауыл. Қарқынды ұзақ жауын-шашындар түскен кезде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
--	---------------------------	---

Сел қауіптілігінің деңгейі (5 Қосымша).

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (6 Қосымша).

Сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Сел үдерісінің даму ықтималдылығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, сұйық жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығының жоғары мәндері</p>	<p>Негізгі өзен аңғарында сел үдерісінің даму ықтималдығының жоғары болуы және негізінен таулардан шыға берісте сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында және таулардан шыға берісте орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне үлкен қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жағдайының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының, болжанатын сұйық жауын-шашынның мөлшерінің жоғары мәндері</p>	<p>Селдің негізгі өзен аңғарына шығу ықтималдығы және онда сел массасының шөгуі</p>	<p>Өзен аңғарында орналасқан халық пен шаруашылық объектілеріне потенциалды қауіптілік</p>	<p>Халықты, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарын құлақтандыру</p>
	<p>Сел қалыптасуының потенциалды ошақтары болған кезде төмен таулы аймақтағы салыстырмалы түрде төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның қарқындылығы мен ұзақтығы</p>	<p>Селдің пайда болу ықтималдығы шамалы</p>	<p>Төмен таулы аймақтағы селдің пайда болу аймағындағы адамдар үшін потенциалды қауіптілік</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның, сел пайда болу ошақтарының болмауы</p>	<p>Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	

Ақпаратты пайдалану кезінде "Қазгидромет" РМК-ға сілтеме міндетті

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға баруды және тауда болуды жоспарлау кезінде ауа райы болжамын ескеру және дауылды ескертулерді қадағалау, сұрапыл апат қауіптілігіне уақытылы әрекет ету қажет.

Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлттының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.